

Екінші деңгейдегі банктердің "РЕПО", "кері РЕПО" операциялары туралы есепті ұсыну нысаны мен мерзімін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 мамырдағы N 115 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 23 маусымда тіркелді. Тіркеу N 4264. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 130 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 № 130 (2010.11.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабына және "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес екінші деңгейдегі банктер қызметінің айқындылық дәрежесін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "'РЕПО" және "кері РЕПО" операциялары туралы есеп" нысаны (бұдан әрі - нысан) бекітілсін.

2. Банктер ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың алтыншы жұмыс күнінің Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18.00-ден кешіктірмей қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) нысанды ұсынылатын деректердің құпиялылығы мен түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпаратты кепілдікпен жеткізудің көлік жүйесін пайдалана отырып электрондық т а с ы м а л д а ғ ы ш т а ұ с ы н а д ы .

3. Ай сайын жасалатын қағаз жазбадағы нысанға банк басқармасының бірінші басшысы немесе оның орнындағы адам, бас бухгалтер қолдарын қояды әрі ол мөрмен бекітіліп, банктерде сақталады. Банктер уәкілетті органның сұратуын алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей нысанды қағаз жазбада ұ с ы н а д ы .

4. Электрондық тасымалдағышта ұсынылатын деректердің қағаз жазбадағы деректермен бірдей болуын банк басқармасының бірінші басшысы немесе оның

орнындағы адам қамтамасыз етеді.

5. Осы қаулы 2006 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

6. Банктерді қадағалау департаменті (Раева Р.Е.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

7. Ақпарат технологиясы басқармасы (Бейсенбаев А.Ж.) осы қаулы қолданысқа енгенге дейінгі мерзімге екінші деңгейдегі банктер "Статистика" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйесінің құралдары бойынша ұсынатын мәліметтерді оңтайландыру және автоматтандыру шараларын қолға алсын.

8. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын
және қаржы ұйымдарын реттеу мен
қадағалау агенттігі Басқармасының
2006 жылғы 27 мамырдағы
N 115 қаулысына

қосымша
200__жылғы 1 "_____ " жағдай бойынша
"_____
(банктің толық атауы)

"РЕПО", "кері РЕПО" операциялары туралы есеп

N	Операцияның мәні	Бағалы қағаздар түрі	Ұлттық бірегейлендіру нөмірі, халықаралық бірегейлендіру нөмірі	Қарсы агенттің атауы	РЕПО мәмілесінің жасалған күні	Растайтын құжаттың нөмірі
1	2	3	4	5	6	7
1.	"РЕПО" операциялары					

1.1.	Ұйымдасқан рынок					
1.1.1.	"Тікелей тәсіл"					
1.1.2.	"Автоматты" тәсіл					
1.2.	Ұйымдаспаған рынок					
2.	"кері РЕПО" операциялары					
2.1.	Ұйымдасқан рынок					
2.1.1.	"Тікелей тәсіл"					
2.1.2.	"Автоматты" тәсіл					
2.2.	Ұйымдаспаған рынок					

кестенің жалғасы

Күні			РЕПО операциясының мерзімі	Сыйақы ставкасы	РЕПО-дағы бағалы қағаздар саны
РЕПО ашылуы	РЕПО жабылуы	Мәміле дейін ұзартылды			
8	9	10	11	12	13

кестенің жалғасы

РЕПО сомасы		Ескерту
Теңгемен	Шетел валютасымен	

Е с к е р т у .

- Осы есепті РЕПО мәмілелерінде есепті күнге қатысатын бағалы қағаздардың барлық түрлері бойынша ұсыну қажет;

- Ұйымдасқан рынокта жүзеге асырылған мәмілелер үшін "растайтын құжаттың нөмірі" бағанында ұйымдаспаған рынокта өткізілетін мәмілелер үшін сауда-саттықты ұйымдастырушы тағайындаған нөмірді, РЕПО шартының нөмірін көрсету қажет;

- "Ескерту" бағанында мәміленің қай тарапына бағалы қағаздарды пайдалану құқығы тиесілі сәндігін көрсету қажет.

Банк басқармасының бірінші басшысы
немесе оның орнындағы адам _____ күні _____

Бас бухгалтер _____ күні _____

Орындаушы _____ күні _____

Телефоны: _____ күні _____

Мөр орны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК